

Конфуций



КАЗИЕВА ЖАДЫРА



- Құң-зы (қытайша: 孔子) немесе Конфуций (лат. Confucius); сирек кездесетін қытайша: 孔夫子; пинйін: Kǒng Fū Zǐ; Wade-Giles: K'ung-fu-tzu, дәлме-дәл «Құң ұстаз» (551 ЗБ—479 ЗБ) — ілімі мен пәлсапасы қытай, корей, виетнамдық және жапон өмір тұрысы мен ойлау ғұрыпына терең ықпал еткен, әйгілі қытай ақылманы және әлеуметтік пәлсапашысы.







- Конфуций ілімінің ерекшелігі сол, ол адамгершілік мәселелерін бірінші кезекке қойған. Ал рух, аспан денелерінің қозғалу заңдылықтарына еш көңіл бөлмейді. «Өмірдің не екенін білмей жатып, өлімнің, рухтың не екенін қайдан білейік», — деген екен ол.

Конфуций ілімі

```
graph TD; A[Конфуций ілімі] --> B[идеалистік бағыттағы Мэн-цзы мектебі]; A --> C[материалистік бағыттағы Сюнь-дзы мектебі];
```

идеалистік
бағыттағы Мэн-
цзы мектебі

материалистік
бағыттағы Сюнь-
дзы мектебі





- Мэн-дзы Конфуций ілімдерін жинақтап, бір жүйеге түсірумен ғана айналыспаған, сонымен қатар, жаңа ойлармен толықтырып отырған. Мысалы, «адамның табиғаты тек жақсылықтан жаратылған» деген қағида Мэн-дзы философиясының негізгі өзегі болып табылады.






- Сюнь-цзы Конфуций іліміне материалистік нышан енгізген. Әлемнің негізі материалдық күш (ци) және оның екі түрі болады (инь және ян).



Конфуций тұжырымдалған басты көзқарастары мен ілімі жайындағы мағлұматтар “Әңгімелер мен пайымдар” (“Лунь юй”) деген кітапта таратылып баяндалған. Бұл кітап Конфуций айтқан ойлар мен оның жақын шәкірттерімен және ізбасарларымен әңгіме-дүкенінің жазбасы болып табылады..








“Билеуші – билеуші, ал бағынышты – бағынышты, әке – әке, ал ұл – ұл болу керек”, – деген атақты сөзі кеңінен мәлім.

“Билікке қалай жетуге болады?”– деген сұраққа Конфуций: “Халықтың сүйіспеншілігіне қол жеткіз, – деп жауап берген, – сонда сен билікке жетесің, егер халықтың сүйіспеншілігін жоғалтар болсаң, онда билікті де жоғалтып аласың”.





“Бүкіл өмірің бойы басшылыққа алуға тұратын сөз бар ма?” деген сұраққа орай Конфуций: **“Бар, ол сөз – мейірімділік”**, – деп жауап берген.

Конфуций адамдар арасындағы (отбасында, қоғамда, мемлекетте) мүлтіксіз қарым-қатынас заңын мынандай қанатты сөзбен тұжырымдаған: **“Өзіңе тілемейтіңді басқаға жасама”**.